

Ақмола облысы Степногорск қаласы және Степногорск қаласының әкімшілік шекараларында елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Ақмола облыстық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы № 5С-23-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда № 4157 болып тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8, 10, 11 баптарына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақмола облысы Степногорск қаласы және Степногорск қаласының әкімшілік шекараларында елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Ақмола облыстық мәслихатының «Степногорск қаласының, Ақсу, Заводской, Бестөбе поселкелерінің, Қарабұлақ, Көксал селоларының, Қарабұлақ селолық округінің жерлерін аймақтау схемасын және жер салығы мен кадастрлық (бағалық) құнның түзету коэффициенттерін бекіту туралы» 2004 жылғы 28 қазандағы № 3С-8-7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2919 тіркелген, «Арқа ажары» газетінде 2005 жылдың 11 қаңтарында және «Акмолинская правда» газетінде 2004 жылдың 30 желтоқсанында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық
мәслихаты сессиясының
төрағасы

Ж.Мусин

Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы

Н.Дьячек

Ақмола облыстық мәслихатының
2014 жылғы 28 наурыздағы
№ 5С-23-5 шешіміне
1 қосымша

Ақмола облысы Степногорск қаласының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына бағалау аймақтарының шекаралары мен түзету коэффициенттері

Аймақтың №	Бағалау аймақтарының шекаралары	Түзету коэффициенттері
1	2	3

I	1-шағын ауданы	2,0
	2-шағын ауданы	
	3-шағын ауданы	
	4-шағын ауданы	
	5-шағын ауданы	
	7-шағын ауданы	
	Базар ауданы, вокзалдар	
	Орман-саябақ аймағы	
	Аурухана және оқу кешендері	
	«Парковая» шағын ауданы	
II	6-шағын ауданы	1,8
	9-шағын ауданы	
	«Солнечный» шағын ауданы	
	Внеселитебті аумағы	
III	20-шағын ауданы	1,7
IV	10-шағын ауданы, «Заря» бау-бақша серіктестігінің ауданы	1,6
	Пригородный шағын ауданы	
	Коммуналдық-қоймалық аумағы, тұрақ кооперативтері, резервтік аумағы	
V	Өндірістік аймағы (қала шегінен тыс)	1,4

Ақмола облыстық мәслихатының
2014 жылғы 28 наурыздағы
№ 5С-23-5 шешіміне
2 қосымша

Ақмола облысы Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы елді мекендер бойынша жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына аймақтық және түзету коэффициенттері

Аймақтың №	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенті	Аймаққа енетін елді мекендердің атауы
1	2	3
VI	1,3	Заводской кенті
	1,3	Ақсу кенті
VII	1,1	Бестөбе кенті
	1,1	Қарабұлақ ауылы
VIII	1,0	Бөгенбай ауылы
IX	0,9	Степногорское ауылы
X	0,8	Қырық құдық ауылы
XI	0,7	Изобильное ауылы

XII	0,5	Қарабұлақ ауылы
	0,5	Бөгенбай ауылы
	0,5	Қырық құдық ауылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК